

Бекітемін

Мектеп директоры

Р.Ж.Кобиланов

«27» қазан 2023 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

«Теренсай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысында көрсетілген бұзушылықтарды жою жоспары

№	Анықталған кемшіліктер мен ескертулер	Атқарылатын жұмыс түрі	Орындалу мерзімі	Жауапты тұлға
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасының 26-тармағына сәйкес келмейді. Бағалау кезеңіне ұсынылған тәрбиеленушілер тізімінде (3-қосымша) жылжу бұйрықтары көрсетілмегендіктен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімінің сақталғандығы анықталмаған.	Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшадағы «Мектепке дейінгі ұйымнан шығарылғаны туралы мәлімет» бағанына жылжу бұйрықтарын енгізу. Бағалау кезеңіне сәйкес шығарылған бұйрықтардың сканерленген нұсқасын және 3-қосымшаны мектеп сайтына жүктеу	27.10.2023ж	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.С.Калданова
2	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2 тарауының 13-тармағына сәйкес келмейді. 2022-2023 оқу жылында ТЖБ тоқсанның ең соңғы күні өткізілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасы 4-тарау 40, 42, 44 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасы 4-тарау 57, 59, 60 тармағына сәйкес келмеген.	«Оқушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібі» тақырыбында әдістемелік семинар өткізу	30.10.2023ж	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.С.Калданова
3	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» 6-1,13-1, 20-1 тармақтарына сәйкес келмеген	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарын атқарып жүрген лауазымдары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтумен қамтасыз ету.	30.11.2023ж	Мектеп директоры Р.Ж.Кобиланов

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Кел -

Б.С.Калданова